

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНДА «АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ» АТТЫ БЕСІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 2024 жылы 9 тамызда Абай Құнанбайұлының туған күніне орай ҚазҰУ-дың 90 жылдығы аясында «АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ» атты бесінші халықаралық конференция өтті. Конференцияға қазақстандық және шетелдік әдебиеттанушы ғалымдар, ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары, докторанттар, магистранттар және БАҚ өкілдері қатысты.



Конференция мақсаты – қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімін заманауи ғылыми парадигмалар тұрғысынан қарастыру.

Конференцияны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Сәбит Құрманжанұлы Суатай салтанатты түрде ашты. Биыл ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтына 15 жыл толып отырғанын және институттың осы уақыт аралығында үлкен жұмыс атқарғанын атап өтті.

Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, ф.ғ.д., профессор Жанғара Дәдебайұлы өзінің кіріспе сөзінде Абай ҒЗИ-дың ҚазҰУ-дың 90 жылдығы аясында атқарып жатқан жұмыстарына тоқталды. Абай институтынның он бес жылдығына орай арнайы презентациямен баяндама жасады.



Конференцияға қатысушылар Абай мұрасын әр қырынан талқылап, ауқымды, өзекті мәселелерді ортаға салды. Абай мұрасының рухани адамгершілік тұрғыда тұлға мәдениетін жетілдіруде еліміздің бүгіні мен келешегі үшін маңызды іс екенін атап өтті.



Шетелдік қонақтар – Баку славян университетінің профессоры, ф.ғ.д. Низами Мамедов Тагисой (Әзірбайжан), Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор Бахтиёр Рахманович Каримов (Өзбекстан), Өзбекстан Жазушылар Одағының мүшесі, жазушы, қоғам қайраткері Исокжан Нишонов (Өзбекстан), «Түркі елі» халықаралық ұйымының (АҚШ) Президенті Сарвар Испахи, Әзірбайжан ҰҒА фольклор институтының бөлім меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Агаверди Сархан оглу Халилов (Әзірбайжан), Өзбекстанның халықаралық Ислам Академиясы, PhD, ғылым кандидаты Шухрат Раджапов, Ресейдің халықаралық психология ғылымдары академиясының «Құрметті» академигі Икрамжан Хошимжановтар Абай шығармашылығының құндылығы туралы парасатты пайымдар жасап, адамзаттың рухани өрлеуінің қайнар көзі екеніне, оның ілімін бұқара халыққа кеңінен насихаттау керектігі жөнінде ой-пікірлерімен бөлісті.



Абайдың ұрпағы Ернар Әзімбаев конференция барысында сөз сөйледі. Конференцияда отандық ғалымдар – Еуразия ұлттық университетінің профессоры Рахымжан Тұрысбек, Назарбаев университетінің профессоры, ф.ғ.д. Айгүл Ісімақова, Абай ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми

қызметкерлері, профессорлар Дандай Ысқақұлы, Қансейіт Әбдезұлы, ҚазҰУ-дың Тұран және Иран ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Ислам Жеменей, ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымының кандидаты, доцент Төрәлі Қыдыр, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының профессорлары Қанипаш Мәдібай, Гүлзия Пірәлі, ҚазҰУ профессорлары Т. Есембеков, Ә. Тарақов, философия ғылымдарының кандидаты, абайтанушы Асан Омаров, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Театр және кино бөлімінің меңгерушісі, өнертану кандидаты, театртанушы, Аманкелді Оразбайұлы Мұқан т.б. ғалымдар Абай шығармашылығына қатысты пікірлерін айта отырып, Абай мұрасы мен мирасын әлі де тың зерттеу туралы дискурстық формаларын нақтылады.



Конференцияда Абай ҒЗИ вебсайтынан «Абай ғылыми-зерттеу институтына-15 жыл: абайтану саласындағы жетістіктер» атты электронды көрмесі көрсетілді. Электронды көрмеде Абай ҒЗИ-дың он бес жыл аясында атқарған жүйелі жұмыс нәтижесі қамтылып, «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымы (1-50 том); он томдық «Абайтану антологиясы»; Абай институтының еңбектері» сериялық басылымының кітаптары (барлығы 23 кітап), Абай ғылыми-зерттеу институтының он бес жылдығына орай «Ғылым таппай мақтанба» хабарлар сериясы түсіріле бастағаны көрсетілді.



Конференцияға Ўзбекистан мемлекетінен арнайы келген қонақтарға Абай ғылыми-зерттеу институтының кітаптары сыйға тартылды.

**Абай ғылыми-зерттеу институтының оқытушылары
Ыбырайқызы Гүлжан, Кенжеқожаева Алма**